



Ордалы
30
жыл

2 НАУРЫЗ

• 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясының пленарлық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке кірді. Шешім дауысқа салынбай, бірауыздан мақұлдау негізінде қабылданды. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға мүшелікке қабылданғаннан кейін, бірден Тынық мұхит және Азия аймақтары Экономикалық және Әлеуметтік комиссияның мүшелігіне өтті.

• 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру жөніндегі» Жарлығы шықты.

• 1995 жылы Жамбыл (Тараз) қаласында Қазақстан әйелдерінің 1-форумы болды. Оған Елбасы Н.Назарбаев қатысты.

• 2013 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы кәсіби және өзге де мерекелер туралы» ҚР Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оған сәйкес мерекелер тізбесі Отбасы күнімен толықты. Ол қыркүйектің екінші жексенбісінде атап өтіледі.

3 НАУРЫЗ

• 1993 жылы Орталық Азияның бес мемлекеті – Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан Халықаралық Арал теңізін құтқару қорын құрды.

• 1995 жылы Түркіменстанның Дашхөвүз қаласында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Арал проблемалары жөніндегі кеңесі өтті.

• 2017 жылы Димаш Құдайберген Қытайдағы «I am a singer» жобасында зор жетістікке жетіп, ҚР Туңғыш Президенті Қоры сыйлығының лауреаты атанды.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР ҰЙЫТҚЫСЫ



Көктемнің алғашқы күнінде Қызылордада «Қайырымды істер марафоны» басталды. Игі шара тәуелсіздіктің отызжылдығында Президент бастамасымен жалпыұлттық деңгейде қолға алынып отыр. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ондағы мақсат – кәсіпорындар мен ұжымдарды, ірі, орта, шағын кәсіпкерлік субъектілерін ізгі іске жұмылдыру, корпоративті қайырымдылықты дамыту екенін атап өтті.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Бүгінде бүкіл әлем терең әрі қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басты. Пандемия дүниежүзілік экономиканың дамуын тежеп, қалыпты тіршілігімізге кері әсер етті. Қауіпті індет еліміз үшін де үлкен сынақ болды. Аймақ басшысы адамзат тағдыры кәсіби білікті мамандар мен іскер қоғам мүшелеріне, жомарт жүректі азаматтарға қараған сәтте күрделі кезеңді еңсеруге атсалысқан дәрігерлерге, құқық қорғау органдары мен әскери сала қызметкерлеріне, журналистерге, меценат кәсіпкерлерге, қайырымды жандар мен волонтерларға Сыр жұртшылығы атынан алғыс білдірді.

– Өткен жылы бюджеттен тыс қаржы көздерінен халықтың әлеу-

меттік тұрғыдан осал тобына 1 млрд 634 млн теңге көмек көрсетілді. Карантиндік шектеу кезінде «Birgemiz-Kyzylorda» қорынан 30 мыңға жуық адамға 50 мың теңгеден 1 млрд 478 млн теңге көлемінде бірреттік қолдау жасалды. «Біз біргеміз» қайырымдылық акциясы аясында 12 мыңнан астам отбасыға 134 млн теңгеге азық-түлік және тұрмысқа қажетті зат жиынтығы түрінде жәрдем берілді. «Шын ниетпен» қайырымдылық шарасын ұйымдастырушылар 2430 адамға 24 млн теңгеге жуық көлемде көмек үлестірді, – деді облыс әкімі.

Түркістан облысындағы Мақтарал ауданының тұрғындары су тасқынынан зардап шеккенде де

жерлеріміз қарап қалған жоқ. 17 көлік, 30 бастамашыл топ, 180 волонтер қайырымдылық керуеніне қосылды. «Он адам жүрген жерде – із, жүз адам жүрген жерде – соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» дегендей, жерлеріміз қай кезде де осылайша елдіктің, береке мен бірліктің үлгісін көрсетіп жүр.

Жиында жақсылық жаршысына айналған кәсіпорындар, бизнес және азаматтық қоғам өкілдері атқарылған жұмыс пен алдағы міндеттерге тоқталды. Мысалы, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» компаниясы Қазалыдағы «Шапағат» мүгедек балаларды оңалту орталығына, Жаңақорған ауданындағы тұрмысы төмен отбасылардың балаларына арналған «Қамқор» балабақшасына қамқорлық жасауды жалғастыра береді. «Orda school» жеке мектебінің басшылығы сол жағалауда тұратын 64 оқушының тегін білім алуына мүмкіндік берді.

«Ел-Арай» қоғамдық қорының директоры, облыстық «Жомарт жүрек» сыйлығының иегері Асхат Байдәулетов қор өткен бес жылда бірнеше мыңдаған отбасыға қолдау білдіргенін жеткізді.

– Бірақ жұмыс барысында үй алу үшін тұрмысын аянышты етіп көрсеткендер де, атаулы әлеуметтік көмекке бола әке-шешесінен бас тартқандар да кездесті. Бұдан қиын кезеңді бастан кешірген қазақтың санасын өзгерту керек деп шештік. Тізімдегі отбасылардың балаларына арнап лагерь ұйымдастырдық. Бастауыш сынып оқушыларын Білім-инновация лицейіне, «Дарын» және Назарбаев зияткерлік мектептеріне, мектеп түлектерін ҰБТ-ға дайындап жатырмыз. Бұдан балалардың санасы, түсінігі өзгереді. Өйткені көптеген ата-ана бізге ұл-қызын желеу ғып келеді, – деді ол.

Аудандарда ізгі істің ұйытқысы боп жүрген бірқатар азамат бейнебайланыс арқылы әлеуметтік бағытта атқарылған шараларды сөз етті. Жиында белсенді жанашыр азаматтардың атынан «Абзал және К» компаниясының директоры, облыстық мәслихат депутаты Мәжжан Ералиев үндеу жолдап, жұртшылықты қайырымдылық марафонынан тыс қалмауға шақырды.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Халық және «Береке» қайырымдылық қорлары ұсынған «Халық берекесі» әлеуметтік жобасымен танысты. Кездесуде «Халық» қайырымдылық қорының директоры Сағынбек Шүкеев пен «Береке» қайырымдылық қорының басшысы Бағдаш Сүлейменов маңызды жоба өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды қолдауға бағытталғанын алға тартты. Аймақ басшысы әріптестік аясындағы жаңа жоба қоғам сұранысын дөп басқанын жеткізді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

«ХАЛЫҚ БЕРЕКЕСІ» ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ

– Жоба көмекке мұқтаж отбасыларды «дағдарыс» жағдайынан шығаруға мүмкіндік береді. Барлық аймақтағыдай осы көмекті қажет ететін отбасылар бізде де бар. Сондықтан бастаманы қолдаймыз. Бұл жобаны бірлесіп, ел игілігі үшін соңына дейін жеткізу қажет, – деді облыс әкімі.

Кездесуде айтылғандай, бастама 3 бағытта іске асады. Мәселен, «Тұрғын үй бағдарламасы» бойынша әлеуметтік көмек алуға келісім жасау арқылы баспанаға мұқтаж отбасыларға 1-3 жылға дейін уақытша негізде тұрғын үй беріледі, яғни жоба аясында Қызылорда қаласынан 12 пәтерлік екі үй салынады деп жоспарлануда. Ал, «Қосымша білім беру» бағыты мектеп жасына дейінгі балаларға өмірлік дағдыларды үйрету, жасөспірімдерге арналған курстарды оқытуды көздейді. «Отбасыларды әлеуметтік бейімдеу» бағыты арқылы өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды бейімдеуге қажетті түрлі көмек көрсетуге мүмкіндіктер

ұсынады. Әлеуметтік жоба әлеуметтің әлеуетін арттыратыны анық. Бұл ретте өңір басшысы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова мен қала әкімінің уақытша міндетін атқарушы Бектас Нұридиновке жобаны үйлестіру жұмыстарын әрі қарай жүргізу үшін қажетті шараларды қабылдауды тапсырды.

Айта кету керек, бүгінде өңірде белсенді азаматтардың бастамасымен түрлі деңгейдегі әлеуметтік жобалар іске асып, мұқтаж отбасыларға көмек көрсетіліп келеді. 2019 жылы табысы төмен азаматтардың баспана мәселесін шешуге байланысты облыс әкімдігінің бастамасымен «Болат Өтемұратов Қоры» қаражаты есебінен 100 отбасы тұрғын үймен қамтылды. Сондай-ақ, өткен жылы жеке шаруашылық пен кәсіпорындар «Асар» әдісі арқылы аз қамтылған көпбалалы 20 отбасыға баспана бақытын сыйлады.

ЖОЛСАПАР

ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ

«Теңіз маңайын жағалай қоныстанған Қызылжар, Аманөткел, Бөген, Қарашалаң, Қаратерек, Жаңақұрылыс, одан берірек жатқан Қазалыға қарасты Бекарыстан би ауылының жігіттері қара қайығын көлікке тиіп, сонда аттанар. Атасынан қалған қара қайықтың ескегін қолынан тастаса, өздерін кінәлі сезінетіндей».

Теңізді өлкедегі тілші сапарының үшінші күні, яғни түйінді сәті туралы 3-ші беттен оқисыздар.



САРАП

ӘЛЕМ «ДӨҢГЕЛЕНІП» БАРАДЫ

Осы күні әлемде жасы 18-ден асқан 650 миллион адам, 120 миллион бала артық салмақтың азабын тартып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы семіздік пандемиялық сипат алғанын, денсаулық сақтау жүйесінің шығын өсіміне себепші екенін мәлімдеді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



БІЛІМ

ОҚУШЫЛАР МЕКТЕПKE ОРАЛДЫ

Кеше жылға жуық уақыт бойы онлайн оқып келген бастауыш сынып оқушылары мектепке оралды. Сабаққа баратын күнді асыға күткен балалардың да, ата-аналардың да қуанышында шек жоқ.

Көктемнің алғашқы күнінен бастап кезекші сыныптар болмайды. Енді бір сыныпта 25 балаға дейін отырғызуға рұқсат. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова айтты.



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес, 1 наурыздан бастап 1-5 сыныптың 82201 оқушысының 81070-і дәстүрлі түрде оқи бастады. Бұдан былай бастауыш сынып пәндерінің 30 проценти ғана қашықтан оқытылады. Басқарма басшысы мектептерде санитарлық талаптар, маска тағу тәртібі қатаң сақталатынын айтты.

– Инфекцияның таралу қаупін азайту үшін дәстүрлі білім алатын оқушылар 5 сатыдан тұратын дезинфекциядан өтуде. Оқу жылының соңына дейін оқушылардың мектеп формасына талап қойылмайды. Дегенмен, мектепке классикалық үлгідегі киіммен келу керек.

Өзгерістер ата-аналарға түсіндірілді – деді Ақзира Қасымова. Аймақта дәстүрлі оқитын оқушылар саны кезек-кезеңімен көбейіп келеді. Бірінші тоқсанда оқушылардың 21%-і, екінші тоқсанда 32%-і, үшінші тоқсанда 42%-і дәстүрлі түрде оқытылса, 1 наурыздан бастап 71%-і мектепке оралды.

Айта кетейік, облыстағы 301 мектепте 169 894 оқушы білім алууда. Оның ішінде 123 мектепте 19 865 оқушы дәстүрлі түрде, 178 мектепте 49 103 оқушы қашықтан, 9 және 11 сыныптағы 17 949 оқушы аралас форматта оқуды жалғастыруда.

«СБ» ақпарат



Облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова партияның құрылған күні және Алғыс айту мерекесінде партия қатарына жаңа мүшелерді салтанатты түрде қабылдап, бірқатар белсенді азаматтарды «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісі және «Құрмет» грамотасымен марапаттады.

Партия қатарын өнеркәсіп, білім, денсаулық, мәдениет, БАҚ және үкіметтік емес ұйымдар өкілдері толықтырды. Филиал төрағасы алдымен Тәуелсіз қазақ мемлекетінің саяси сахнасында жиырма екі жыл бойы қызмет жасап, елмен бірге дамып, жасасып, заман талабына сай



жаңарып, жаңғырып келе жатқан партияның мерейлі мерекесі кезекті тарихи меже ғана емес, маңызды белес екенін атап өтті.

– Бұл тұрғыда партия «Өз-

герістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы арқылы еліміздің болашағы үшін өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Біз

ортақ іске жұмылған жұдырықтай кіріскенде ғана қуатты, демократиялы әрі бәсекеге қабілетті, жаңаша жаңғырған Қазақстанның жарқын болашағын жасай аламыз. Бірлігіміз бен жетістігімізді бағалау арқылы берекеге қол жеткіземіз. Ынтымағымыз арқылы ғана ырысымыз артатынын ешқашан ұмытпауымыз қажет. Барлық партияластарды елдік биік мақсат пен халықтың игілігі жолында аянбай еңбек етіп, отанымыздың күшқуатын еселей түсуге шақырамын, – деді Гүлшара Наушақызы.

Жаңадан партия қатарына қосылған Мақсат Дауылбай өзінің ризашылығын жыр шумақтарымен жеткізді.

Айта кетейік, облыста 239 бастауыш ұйымына топтасқан 44147 партия мүшесі бар. Салтанатты шарада 15 азамат партия қатарына қабылданып, 3 азамат «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен, 3 азамат «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

КӨПТІҢ ҚОЛДАУЫ БАСПАНАҒА ЖЕТКІЗДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өрт салдарынан нәрестесі қаза болған Текебаевтар отбасында болды.

– Орын алған қайғының орнын толтыру мүмкін емес. Сыр өңірі үшін бұл ауыр тиді. Көзге көрінген балалардың амандығын тілейміз, – деді облыс әкімі. Жергілікті қорлардың бастамасымен халықтан жиналған қаржыға зардап шеккен Текебаевтар отбасына «Арай» шағын ауданынан 6 бөлмелі жаңа жер үй берілген болатын. Аймақ басшысы үй иелерін құттықтап, тұрмысқа қажетті сыйлықтар табыс етті. Еске сала кетейік, осы жылдың 18 ақпанында облыс орталығындағы «Әл-Фараби» шағын ауданында жер үйде

болған өрттен алты айлық нәресте көз жұмды. Оқыс оқиғадан төрт саби мен олардың анасы аман қалды. Сәбилердің анасы бірінші дәрежелі көмір қышқыл газына улану, сол жақ білектің және екі алақанының термиялық күйік шалу нақтамасымен қалалық ауруханада ем қабылдауда. Қазір жағдайы қалыпты.

Зардап шеккен көпбалалы отбасына әкімдік тарапынан, кәсіпкерлердің қолдауымен 1 айға жететін азық-түлік, мектеп құрал-жабдықтары берілді.

«СБ» ақпарат



ТАТУЛЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ МЕКЕНІ

Жүзден астам ұлт пен ұлысты біріктірген Қазақ елі бірліктің бірегей институтын қалыптастырды. Кеше «Достық үйінде» «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл: Бірлік пен бірегейліктің моделі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, көпэтносты Қазақстанның қалыптасу тарихы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық-саяси рөлі туралы кеңінен сөз қозғалды.



Жиында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет Алыс айту күнінің маңыздылығына тоқталып, тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған барша ұлттың бірлігі мен тату тірлігі Қазақстанның басты жетістігі екенін атап өтті.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында егемендігіміздің үш тағаны бар екенін баса айтты. Байтақ жеріміз, кастерлі тіліміз, береке-бірлігіміз. Осы орайда 25 жылдан астам тарихы бар Қазақстан халқы Ассамблеясы орасан зор біріктірушілік пен зияткерлік әлеуетті жинақтап, бірліктің ұйытқысы болып келеді. Жүзден астам этностың басын біріктіретін татулық пен тұрақтылықтың басты кепілі, – деді Серік Әбжанұлы.

Конференцияға онлайн қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, саяси ғылымдар докторы Мұрат Мұхамедов қазақ халқының түрлі ұлт өкіліне деген қамқорлығы туралы нақты оқиғаларды баяндады. XX ғасырдың бас кезінде Столыпин реформасы, кеңес үкіметі толыққанды орнап болғаннан кейін депортацияланған ұлттар, Ұлы Отан соғысы кезінде Неміс автономиялық республикасынан көшірілген халықтар туралы нақты деректер келтірді. Қиын-

қыстау кезең артта қалғанын, бүгінгідей заманда ұлттардың тату-тәтті тұруы үшін еліміздегі әрбір ұлттың мемлекеттік тілді меңгеруі керекін атап өтті. Облыс әкімдігінің бас-тамасымен, «Қоғамдық келісім» КММ және «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өткен келелі кездесуде Қорқыт ата атындағы Қызылорда уни-верситетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Айжан Оразбақов, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхананың дирек-торы, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, Корей этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Юрий Ким, сарапшы-журналист Айтқұл Шалғынбаева баяндама жасап, этнос өкілдерінің Сыр өңіріне қоныстануы, этнос-аралық достық пен келісім ту-ралы баяндады.

Ал Қармақшы жерінде туып-өскен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, облыстық мәслихат депу-таты Дильфура Байрахтар-ова отбасының Сыр еліне қалай келгені туралы айтып, бұл күннің тарихи мәні бар екенін, отандастарымызға қашанда алғыс айту қажеттігіне тоқталды.

«СБ» ақпарат

АРДАГЕРЛЕР АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ

«Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің алқа отырысы өтті. Жиында алдағы жоспарлар, наурыз айындағы мерекелерді ұйымдастыру барысы талқыланды.

Алдымен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Жазушылар одағының мүшесі Мәхмұтбай Әміреұлының өз өтінішіне сәйкес алқа мүшелігінен шығуына байланысты ардагердің жылдар бойы еңбегін атап өтіп, дәстүрге сай иығына зерлі шапан жап-ты. Ал, ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағанбетова Алыс айту күні, Халықаралық әйелдер мерекесіне орай өткізілетін іс-шараларға тоқталды.

Мұнан кейін төраға кеңес-шісі Рақым Әбілханов Наурыз мейрамының биыл он күн бойы тойланатынын, әр күннің өзіндік ерекшелігі, ұйымдастыру жұмыстары туралы баяндады. Айталық, 14 наурыз «Көрісу» күні болса, 15 наурыз – «Жайлау» күні, одан кейінгі

күн «Шежіре» күні болып белгіленген. Сондықтан шара-лар да әр күннің тақырыптық атауына байланысты өткізілмек. Сондай-ақ, жиыннан соң ардагерлер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ардагер журналист Ержан Уәйістің «Тәуелсіздікке 30 жыл. Елбасының жолымен» атты фотокөрмесінің ашылу салта-натына қатысты. Мұнда мем-лекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев, ҚР Тұңғыш Перзиденті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев және елдің саяси өмірінде орны бар белгілі тұлғалардың фотола-ры жинақталған.

Айта кету керек, көрмеге қойылған 40-қа жуық суретті ар-дагер журналистің өзі түсірген.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«01» наурыз 2021 жыл

№3

Қызылорда қаласы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 05 ҚАҢТАР 2021 ЖЫЛҒЫ «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ШЕКТЕУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ» №1 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі ту-ралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық ин-фекциясы (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары ту-ралы» №1 Қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың, 2) және 3) тармақшалары мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2) ойын-сауық іс-шаралардың, көрмелерді, форумдар-ды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкetter, үйлену тойлары, мерейтой-лар), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салуды;»

«3) бұқмекерлік кеңселердің қызметіне тыйым салуды;»

2) 1-тармақтың 6-тармақшасы алып тасталсын және келесі мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) мерекелік корпоративтерді ұйымдастыру мен өткізуді;»

3) 2-тармақтың 3), 5), 7) 12) тармақшалары алып тастал-сын;

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 01 наурыздағы №3 Қаулысына 1-қосымша

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы №1 Қаулысына 4-қосымша

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ШЕКТЕУ ӨЛШЕМ ШАРТТАРЫ

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ	Сары аймақ	Жасыл аймақ
1	Өнеркәсіп	+	+	+
2	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+	+	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+	+	+
4	Әуе қатынасы	рейстер санын қысқарту	+	+
5	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, саяаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, кілтерді жасау, тұрмыстық үй қаридаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.)	+	+	+
6	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сактандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетілетін қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау пункттері, ломбардтар және т. б.)	+	+	+
7	Гүл дүкендері, фотосалондар	+	+	+
8	Медициналық үйымдар, дәріханалар	+	+	+
9	Музейлер, кітапханалар	+	+	+
10	Азық-түлік дүкендері, шағын маркеттер	+	+	+
11	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша	✓ топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша	+
12	Сұлулық орталықтары мен салондары, шаштараздар, маникюр мен педикюр қызметтері, косметологиялық қызмет көрсететін орындар (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша	+	+
13	Супермаркеттер, гипермаркеттер	✓ (уақыт бойынша шектеулер)	+	+
14	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отелдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	✓ топтырылуы 80%-дан артық емес	+	+
15	Ашық базарлар (азық-түлік, азық-түлік емес)	✓ (жексенбіден басқа)	+	+
16	Қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт (тек жеткізуге және әкетуге)	✓ (уақыт бойынша шектеулер)	+	+
17	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	✓ алдын ала жазылу бойынша	✓ алдын ала жазылу бойынша	✓ алдын ала жазылу бойынша
18	Қоғамдық көлік	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық ескітерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толымдылық)	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық ескітерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толымдылық)	✓ (қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық ескітерді ашу, отыратын орындар саны бойынша толымдылық)
19	Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері	✓ уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін	✓ уақыт бойынша шектеумен 9.00-ден 18.00-ге дейін	+
20	Мектепке дейінгі мекемелер	✓ кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде	✓ кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде	✓ кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаған кезде
21	Ұйымдар, офистер	80 %- қашықтықтан, 20%- күндізгі режим	50 %- қашықтықтан, 50%- күндізгі режим	30 %- қашықтықтан, 70%- күндізгі режим

22	Діни объектілер	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей	✓ ұжымдық іс-шараларды өткізбей	✓ 30%-дан асырмай толтыру, бір адамға 4 ш.м аядағы қамтамасыз еткен кезде
23	Қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда)	✓ топтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай сағат 9-дан 20-ға дейін жұмыс істеуге рұқсат	✓ топтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат	✓ топтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай сағат 7-ден 24-ке дейін жұмыс істеуге рұқсат
24	Азық-түлік емес дүкендер (жеке тұрған)	✓ ауданы 2000 ш. м. дейін	+	+
25	Моңшалар	+	+	+
26	Сауналар, СПА-орталықтар, бассейндер	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)	✓ (жексенбіден басқа)	+
27	Жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес)	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)	+	+
28	Қала маңындағы жолаушылар поезддарының (электрикалардың) қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз	✓ ортақ вагондарсыз	+
29	Жолаушылар поезддарының қозғалысы	✓ ортақ вагондарсыз	✓ ортақ вагондарсыз	+
30	Қалалық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысы	–	–	+
31	Спорт кешендері, спорттық сауықтыру орталықтары және фитнес-орталықтар	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)	+	+
32	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	✓ (сенбі, жексенбіден басқа)	+	+
33	Мәдениет объектілері (дайындық)	–	✓ 30 адамға дейін	✓ 50 адамға дейін
34	Театрлар, кинотеатрлар	–	✓ топтырылуы 20%-дан артық емес	✓ топтырылуы 30%-дан артық емес
35	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	–	✓ топтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес	✓ топтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
36	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	–	✓ топтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес	✓ топтырылуы 75%, бірақ 15 адамнан артық емес
37	Бильярд	–	–	✓ топтырылуы 30%-дан артық емес
38	Компьютерлік клубтар, боулинг	–	–	–
39	Цирктер	–	–	✓ топтырылуы 30%-дан артық емес
40	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	✓	–	✓ топтырылуы 30%-дан артық емес, бірақ 50 адамнан артық емес
41	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	–	–	✓ топтырылуы 20%-дан артық емес
42	Ас беру	–	–	✓ топтырылуы 30%-дан артық емес, бірақ 50 адамнан артық емес
43	Банкет залдары, түнгі және ойын клубтары, караоке	–	–	–
44	Ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, конференциялар, жабық үй-жайлардағы форумдар, отбасылық, естелік іс-шаралар	–	–	–

«+» - қызметіне рұқсат етілген;

«✓» - қызметіне ішінара (шектеулермен) рұқсат етілген;

«-» - қызметіне тыйым салынғаны;



Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

«ЕЛАМАН» КЕТТІ ДЕГЕНШЕ...

Қаратерге барғанымызда ауыл әкімі Серікбай Жұбаниязов пен бала күнгі дос Ерболат күтіп алды. Қосқардан тәмамдалған сапарды кеш батқан соң доғарғанбыз. Азанда «Ақлақ» су тоспасы мен «Көкарал» бөгетін көзбен көрмекпіз.

Ерболат ауыл әкімінің қызметтік көлігін тізгіндегелі біраз болған. Одан бөлек, әкесі Бақтыгерейден көрген балықшылық өнері де бар. Бала күннен сіңген әдет оны сенбі, жексенбіде үйде жатқызбайды. Енді міне, біз келеді деп қара қазанға балық қуыртып, екі кештің ортасында қонақ қылып күтіп жатыр.

– Теңіздің тыраны майлы. Сонысына қарамай қылтығы көп. Майда тікенін абайларсың, – дедім әріптесім Нұрболатқа.

– Бүгін жеп жүрген жоқпыз ғой. Осылай деді де, семіз шабақтың басын омырған күйі алдына қарай тартты.

– «Еламан» сүйекті байқа...

– Ол не еді?!

Расымен ол не еді? Қандай сүйек? Ойыма балықшы ауылдан естіген әңгіме келе берген...

Әңгіменің әлқиссасы балықтан басталды емес пе? Балықта «еламан» деген сүйек бар. Сағалдырық тұсында болады. Ортасы жалпақ, екі жағы үшкір, ұзындығы екі-үш елідей, жалпы балық көлеміне қарай өлшене береді. Сіз тікені бар деп тыжырынып жемейтін балықтың басқа сүйегі тамаққа кетсе, не әрі, не бері, әйтеуір, шығарып аламыз. Ал, мына еламан сүйек кетті дегенше... Еліңе сәлем айта бер! Беті аулақ, бірақ бұл бәле өңешіңізге байқамай кетсе, жұтынған сайын тамаққа қадала беретін көрінеді. Түбі ажалға әкелетін осы сүйекке бола халық арасында балықтан тағам істесе, қонаққа шақырмайтыны сондықтан...

Бұл өткен дәуірдің әңгімесі. Тыңдаңыз. Теңізге жақын орналасқан балықшы ауылға қыз айттырып, алыстан құдалар келіпті дейді. Келген қонақтарға таңсық ас – балық дайындалған көрінеді. Дәмді балыққа құдалар сүйсіне қол созып, ет жегендей еснере бастайды ғой баяғы. Сол кезде әлгі қызға келген күйеудің тамағына балықтың сүйегі байқаусызда кетіп қалыпты. Ол байғұс қақалып-шашалып қинала бастаған. Мұны көрген ел әбгерге түсіп, ұлашұлап, істемеген амалдары қалмайды. Сол кезде ұзатылғалы отырған балықшының қызы, қалыңдық келіп, күйеудің алдындағы жеген балығының сүйегін аударыстырса керек. Сөйтсе, әлгі еламан сүйек жоқ. Бағы ашылмаған кез сол жерде сылқ етіп отыра кетіпті. Қадалған жерінен шықпайтын сүйектің жайын білетін балықшы ауылдың қызы болашақ күйеуден күдер үзіп, «Еламан» сүйек кеттіпті, еліне сәлем айта бер» деп көз жасын төге берген көрінеді. Міне, бір ауыз сөздің тарихы осы.

Айтпақшы, үлкендерден мынадай бір естіген дерекім бар. Ілгері уақытта бір ағамыздың тамағына осы сүйек кетсе керек. Алсауырып жатқан кісіге көпті көрген бір ақсақал ауыл ішінен бауырын жана көтерген иттің күшігін алдырыпты. Сөйтіп, тез арада әкелген күшіктің тұмсығын әлгі қақалған кісінің аузына әлсін-әлсін тығып алатын көрінеді. Сәлден соң сол ағам қан аралас сүйекті жерге түкіре салыпты. Солай жаны қалған. Сонда қалай дейсіз бе?! Бабаң «жеті қазының» біріне қосатын ел ішкінің демі мен сілекіейінде сүйекті ерітіп жіберетін қасиеті барға ұқсайды. Жапаң, ә? Бала күнімде естігенім ғой.

Ел аман болсыншы!

КӨКАРАЛ САҒЫМ БОЛЫП КӨРІНЕ МЕ?!

Мұндай ауыл, әңгіменің ашығы Теңізбенен егіз дер ем, әсілі, Бабасынан баласына ертеден Мұра болған балықшылық кәсібі. Ауылды өстіп ойлай қалсам кейде осы, бейнесі – Балықшы елдің желбірдей туындай Көк теңіздің иісі сіңген жейдесі.

Ақын Ерженің Әбдінің «Балықшы ауыл» өлеңінен үзінді

Сапардың үшінші, яғни түйінделер күні Қаратерге маңында аялдадық. «Ақлақ» су тоспасын көзбен көріп, 30 шақырымынан әрі «Көкарал» бөгетіне бардық. Ашық теңіз үстіне шығып, сондайың көрінген, уақытында теңіздің тасып, жарына шапши соғар көлденең жатқан аралды да тамашаладық. Оның



ТЕҢІЗБЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАУ ҮШІНШІ КҮН



«Көкарал» деп аталуы да сол себепті, ұзынша жатқан көк қырат еді.

...Көкарал сағым болып көріне ме? Елдегілер көруге оны еріне ме? Келдайдың ұлтынан

балық шығып, Жергілікті халықтың аузында қалған осы шумқты соғыста жүріп жазған балықшы жігіттің сағыншы хаты деп естиміз.

Қаратерге маңайынан басталған теңіз ұланы Баянның құмы, Тоқпан, Ұзынкайыр, Қасқақұлан, Ұялға қарай жалғаса береді. Одан соң Қызылдың құмы басталады.

Біз айттып кеткен жерлерде ел отырған. Аңыз ауылдар болған деседі. Толқыны тулаған теңізден асуы балықты ескекті қайықпен аулаған байырғы балықшы ағайынның құтты мекені бұл. Аралдық абыз ақсақал, журналист Шәкірат Дәрмағанбетов туған өлке еді. Елге сыйлы, көнекөз қарияның өзі айтқан «қара жайын оқиғасы» да осы маңайда болған. Ол жайлы белек жазылар. Біз осындай елге қайыр қылған ерлердің кіндік қаны тамған дарияның төменгі сағасында жүрміз.

– Мына теңізге құяр сағада «Үш аша» дейтін жер атауы бар. Дарияның тармақтала аққан саласы ғой. Күркіреуік, Көлдай, Шағирлі деп бөлініп жатады. Балықтың жатағы болған. Осы құяр сағада балықтың ең тәуірлері мекендегенін айтады көнекөздер.

Бұның бәрінде халық отырған. Үлкен ел болған ғой. Сырттан көшіп келушілер, түрлі ұлт өкілдері қоныстанғанға ұқсайды. Теңіздің арғы басы Ақспеден пароходпен шыққан халық Ұялға келіп, қатынасты үзбей отырыпты, – деді ауыл әкімі жол үстінде Серікбай Жұбаниязов.

Біздің білетініміздей, «Көкарал» бөгеті Балтық теңізі арқылы ғылыми өлшеммен алғанда 42 метр деңгейде Кіші Аралдың суын ұстап тұр. 2005 жылы пайдалануға берілген бөгетті инженерлер әдейі толқын тікелей соқпайтындай етіп, жағасын жайпақ етіп жасаған. Ал су белгіленген деңгейден асса, «Көкарал» тоспасы арқылы босатылып, Ұлы теңізге құйылады. Егер «САРАТС-2» жобасы басталса, бұндағы бөгеттің биіктігі қайта көтерілмек. Сол кезде су деңгейі бұдан да жоғарылап,

Кіші теңіз Арал қаласының қасына баратын көрінеді. Осыдан соң балықшы жұрттың жағдайы жақсарады деген сенімнің нығая түсері анық. Ал бірінші жоба бойынша салынған бөгеттің биіктігі шамамен 3 метрден жоғары, ал ұзындығы 13 шақырымнан асады.

Бөгет басында облыстық орман шаруашылығы мен жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының Арал бөлімі басшысы Есенбай Есіркеповті кездітірдік. Табиғат сақшысының өзіне шоттаық тізім бойынша 11 адам. Қазір тоғыз инспектор жұмыс атқарады.

Биыл теңізден балық аулау лимиті төмендегені рас. Біздің Кіші теңіздің өлшемі – 328 мың гектар. Бір гектардан 21 келі балық аулауға рұқсат. Онда да бір жыл ішінде. Сонда 6 мың тоннадан астам балық аулануы керек. Бұның өзі ең жоғарғы көрсеткіш болып отыр. Өйткені, су тұрақтамай тұр. Жылда деңгейі түсіп келеді, – дейді Есенбай Есіркепов.

Кеңес одағы кезінде Қаратерге, Бөген елді мекендерінде балықты қабылдайтын және өңдейтін базалар болған. Одақ тараған соң жұмысын тоқтатып, кейін ыдыраған шаруашылықтың орнына жеке үйлер салыныпты. «Көкарал» бөгеті түсіп, Кіші Арал теңізінің суы тұрақталған соң, балығы көбейген Кіші Арал он сегіз учаскеге бөлініп, жеке кәсіпкерлерге облыс әкімінің шешімімен бекітіліп берілді. Қазір бұлардың ұзақ мерзімге алған өз иелері бар деген сөз. Балықшы қауым осы кәсіпкерлерге жұмысқа тұрып, теңізде бұрынғыша балық аулайды.

– Теңіздегі әр учаскеде қырық балықшы, 20 қайық болу тиіс. Сондай-ақ екі жылым, екі кеме салуға рұқсат етіледі. Қытай ауына тыйым салынған, тек капрон жіптен тоқылғаны керек. Көл мен теңізден мамырдан бастап 10 маусымға дейін, қырық күн балық аулауға болмайды. Қалған уақытта қолында рұқсаты бар адам көл мен

теңіз учаскенің иелеріне балықшы болып тіркеліп, жұмыс істейді. Жергілікті тұрғындар осылай судан балығын аулап, кәсіпкерге өткізіп, тиісті ақшасын алып жүр, – деді тағы бір сөзінде Е.Есіркепов.

Мамандардың пікірінше, балық қорының табиғи көбеюіне судың келіп-кетуі көп әсер етеді. Шағын көлдердегі су тұрақты болмаса, балық өспейді. Бір ғана мысал, мамыр айы – уылдырық шашатын кез. Бұны жергілікті халық «ойын балықтың уақыты» деп те жатады. Балық өз уылдырығын жиекке келіп, таяз суда шашады. Жиектегі судың жылы болатыны белгілі. Ал су құйылмай, көл бір күнде 10 сантиметр жағасы құрғап тұрса, онда шашқан уылдырық құрғақ жиекте қалып, одан шабақ өнбейді.

Тарихи деректер Сыр өңірі 60-жылдары балық шаруашылығы бойынша республикада алдыңғы қатарда болғанын айтады. Жылына 55-60 мың тоннаға дейін балық ауланған. Кейін теңіз тартылды. Балық аулау божырай бастады. Тіпті, балық аулап, оны өңдейтін кәсіпорындар мен шаруашылықтар жабылды. Балықшылар басқа өңірлерге көшіп кетті.

Теңіз суының тұздылығы 30 мгр/л дейін өсіп, балық аулау мүлдем тоқтайтын деңгейге жеткенін мұнда ешкім де ұмытқан жоқ. Бір ғана мысал, 2000 жылы Солтүстік Арал теңізінен бар-жоғы 400 тонна балық ауланды. Онда да бір ғана түр, қамбала балығы еді.

Елбасының тікелей бастамасымен жүзеге асып, ғасыр жобасы атанған «САРАТС-1» жобасынан кейін мұнда тіршілік жанданғаны рас. Балық қоры молайып, кейбір азықтан түрлері қайта көбейген. Теңізде бұрын жоғалған 14 түрлі балық қайта көрінді. Соның арқасында байып кетпесе де, біршама жұрт тұрмысын түзеп қалды.

Қазір ауданда Кіші Аралдан бөлек 20 көл бар. Соның 17-сі табиғат пайдаланушылар иелігінде. Бір жылда Кіші Арал теңізінен 6872, «Камыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйесінен 185, «Примор» көлдер жүйесінен 37, барлығы аудан бойынша 7094 тонна балық аулау лимиті бекітілген.

БАЛЫҚШЫНЫҢ БАҚЫТЫН БҰЗБАЙЫҚ ДЕСЕК...

Теңіз ашылып, балық аулау маусымы басталса «сезон ғой» деп сөйлейді мұндағылар. Теңіз маңайын жағалай қоныстанған Қызылжар, Аманөткел, Бөген, Қарашалаң, Қаратерге, Жаңақұрылыс, одан берірек жатқан Қазалыға қарасты Бекаристан биі ауылының жігіттері қара қайығын көлікке тиіп, сонда аттанар. Атасынан қалған қара қайықтың ескегін қолынан тастаса, өздерін кінәлі сезінетіндей.

Мұнда қоныстанған жігіттер нәпақасын көк теңізден осылай айырады. Шүкір ғой. Сол шүкірдің панасында жүріп, Құдайы мен Тәуекелден басқа серігі жоқ, мұздықай күйде қара қайратымен жүрген балықшы қауым жайлы жолсапар осылай жазылды. Менің білетінім, олар қайық тұмсығы суға түскеннен бастап, торлы ауды теңізге «біссімилләсі» төкпейтін, «несібен адалынан» дейтін халық. Кейде аудың көзі бос қалмайды. Кейде бұйырғанын алып қайтар. Әйтеуір Арал-Ана жердегі пендесінің қолын құр қайтармауға тырысады.

Бірақ, кейінгі жылда су тапшылығы анық сезіліп тұр. Оны көзімізбен көрдік. Қамбаш көлі жағалаудан 300 метр алыстаған. «Ақшатау» көлдер жүйесіне су там-тұмдап қана келуде. Ал Кіші Арал өзінің бұрынғы жағасынан 500 метр төмен түскен. Басты себеп – бәріне түсінікті. Көлдерге өз мөлшерінде су түспеді. Сырдарияның сикы жүдеу. Бұрын арқырап жатпаса да, арынынан айырыла қоймаған өзен бытыр ерекше тартылды. Тіпті, өзеннің қақ ортасынан құмшауыт аралдар пайда болып, кейбір жайпауыт тұстан адам да, мал да кешіп өте берді. Таңғалдық. Ең қиыны, диқандар судан тарықты. Сырдарияны сарқып алғандай қылып, егіске суды әуірлімдеп жеткізгендей болды-ау.

Жолда жүріп ұққанымыз, теңіз маңайындағы халықтың бар арманы – су. Теңіз жағалай жатқан жұрттың тілегі сол ғана. Әйтпесе, Қамбаш тұрмақ, Кіші Арал идеясының шаруасы шатақяқтап кетуі мүмкін. Рас, дария арнасынан су үзілмесе, тіршілік те болады. Балықшы ағайынға нәпақа да жетер еді. Шыны керек, олар атадан қалған кәсіпті қимайды. Қара қайықтың күнге қаксығанын көргісі келмейді. Сырдария құрғамаса, Кіші Аралдың қарқыны қайтпаса деген тілектен өзгелі көре алмадық мұнда.

Теңізбен бірге тыныс алған жұрттың тілегін аманат қып арқалап, кейін қайтқанбыз. Аманат қағазға осылай түсті.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Бабалардың даналығын жырлаған



Суық хабар сумандап Ыс-тамбұлдан келіп жетті. Түркия еліне аттанып, емделіп келемін деген Ибрагим інімізден мәңгіге айырылыппыз. Ама! не, Алланың бұйрығы солай болған шығар.

Ибрагим Бекмаханов 1951 жылдың 22 маусымында Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақтөбе (Чапаев) ауылында туып, осында сегізжылдықты бітіргесін, аудан орталығындағы №26 Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте оқып, оны 1968 жылы тәмамдады.

КазМУ-дың журналистика факультетінен тәлім алды. 1974-1979 жылдар аралығында Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» (қазіргі «Қармақшы таны») газетінде радиохабарын ұйымдастырушы, аға тілші болып жұмыс істеді. 1979-1984 жылдары Қармақшы аудандық атқару комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарды.

Журналистік мамандыққа ден қойып, Торғай, Жезқазған облыстық газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі болды. Соңғы уақытта «Қазақ газеттері» ЖШС-на қарасты республикалық «Telengonitov» атпалық газетінде қызмет етті.

Ақын, журналист-жазушы Ибрагим Бекмаханұлының «Шапағат», «Сағымсары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәулесі», «Жүрегімің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүрегің ырғақтар» атты жүйелі жинақтарымен қатар, «Сыр мен қырдың перзенті», «Дария көңіл тау мүсін», «Дария ғұмыр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат ғұмыр», «Арыстанбаб батыр» атты публицистикалық кітаптары жарық көрді. Сондай-ақ Сыр сұлейлерінің ірі өкілдерінің бірі болған, өз бабасы Тұрымбет Салқынбайұлының еңбектерін «инемем құдық қазғандай» болып жинап, бірнеше кітап етіп шығарып, көпшілік алғысын алды. Нәтижесінде Тұрымбет жыраудың 150 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде өтті.

Ол үлкенге іні, кішіге аға бола білген жаны жайсаң, бауырмал азамат еді. Аспайтын, саспайтын.

Ибрагим дастандар тудыруға шебер болатын. Оның қаламынан шыққан дүниелер оқырмандардан жақсы баға алып, ел арасында терме-жыр болып айтылуда. Оның жоспары көп еді. Бірде ол «Тәке, құдай қаласа інің 70 жасқа толмақ. Сізге де еріп жүрдім ғой, енді сіз маған еріп жүріңіз», – деп жүрек сырын ақтарғаны бүгінгідей көз алдымда.

Артында өмірінді жалғастырар балаларың, тасқа түскен кітаптарың барда, есімің ұмытылмақ емес. Қош, жатқан жерің жаннатта болғай.

Алматыдағы аға-інілері атынан: Тынышбек Дайрабай, Ясин Ұзақов, Темірхан Тебегенов, Алматы Тоқшылықов, Қашқынбай Төлемісов, Серікжан Есқұлов, Жанкелді Ембергенов, Табынбай Қосмұратов.

БІРЫҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Құрметті тұтынушылар және кәсіпкерлік субъектілері!

Ел тұрғындары тауарлар мен қызметтерді күнделікті алады және сапасы төменімен, жосықсыз сатушымен бетпе-бет кездеседі. Өкінішке қарай, бұл тауар-ақша қатынастары шеңберінде тұтынушылардың құқықтары жиі бұзылған кезде орын алады.

Былтыр «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Аталған заң аясында «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» Заңына толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді. Бұл – тұтынушылардың өтініштерін қарайтын және қарату процесін автоматтандыруға, оларды жүзеге асыруға және есепке алуға арналған ақпараттық жүйе.

Жүйені құру арқылы «бір терезе» принципі бойынша барлық қорғаныс шаралары бірыңғай ретке келтіріліп, шағымды өңдеу мен уәкілетті органдарға жіберу процесі онтайландырылды. Тұтынушыларға қосалы болу үшін, шағымның себебі мен қызметтің түріне байланысты типтік формалар орналастырылды. Нәтижесінде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушылар (дайын-дәушылар, орындаушылар), ойын бастамашылары (ұйымдастырушылар), тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар), заң консультанттары палатасының мүшелері және заң көмегін көрсететін заң консультанттары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар, тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілері, мемлекеттік органдар Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне қаралған өтініштер нәтижелері, оларды қараудан бас тарту себептері туралы барлық ақпаратты уақытылы енгізіп отырады. Жүйе іске қосылды, яғни www.e-tutynushy.kz сайтында уялы телефон немесе компьютер арқылы әр тұрғын құқы бұзылғаны туралы мәлімдей алады. Уәкілетті органға хабарласпас бұрын тұтынушы мәселені сатушымен тікелей шешуге тырысуы керек. Егер 10 күн ішінде сатушы шағымға жауап бермесе, ол уәкілетті органға жүгінеді.

Кез келген тұтынушы www.e-tutynushy.kz интернет веб-парақшасына компьютер немесе мобильдік қосымша арқылы кіріп, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тақырыбындағы өз өтініштерін жолдауға болатынын назарларыңызға саламыз.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қызылорда облысының тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті. Тел: 8(7242) 23-50-72, 23-50-66. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52 ғимарат. Instagram: dzppkzyzlorda Facebook: D3nnKyzylorda

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердәлі Қайрат Қыстаубайұлы (лицензия №0001471 26.06.2003 ж.) 2021 жылдың 28 қаңтарында қайтыс болған азаматша Алиева Ольга Григорьевнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Байсейтова көшесі 96, тел.: 8 701 829 96 44.

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Сыр медиа» ЖШС ұжымы облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Еркін Әбішевке ағасы

Жалеледдин Әбішевтің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

